Жаңа 2017 жыл құтты болсын!

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№41 (1634)
27 желтоқсан
2016 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

**Ғалым МҰТАНОВ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры**

***Құрметті әріптестер, оқытушылар мен студенттер!***
***Баршаңызды келе жатқан жаңа 2017 жылмен***
***шын жүректен құттықтаймын!***

Еліміздің көшбасшы университеті – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы 2016 жылды ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекесімен тұспа-тұс келген нәтижелі жыл ретінде бағалайды.

Өтіп бара жатқан 2016 жыл университетіміз үшін жағымды жаңалықтарға толы, табысты жыл болды. Соның бірі – World University Rankings QS беделді рейтинг агенттігінің зерттеуі бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 236 орынды иеленіп, әлемнің ең үздік 250 жоғары оқу орнының қатарына енді. Бұл ҚазҰУ-дың қазақстандық ЖОО арасында жетекші университет ретінде бәсекеге қабілеттілігінің, халықаралық деңгейдегі беделінің айқын дәлелі. Сондай-ақ, бұл үздік нәтижеге бағытталған басқару жүйесі мен қазіргі талаптарға сай құрылымдық жетілдіру, жоғары халықаралық стандарттарға негізделген білім беру бағдарламалары, белсенді халықаралық ғылыми және академиялық байланыстар мен іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі деп білемін. ҚазҰУ-да білім, ғылым және өндірісті ықпалдастыруға негізделген әлемдік деңгейдегі заманауи зерттеу жүйесі айқындалған жоғары оқу орнына айналу бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Студенттердің игілігіне арналған университет кампусының инфрақұрылымының құрылысы кезең-кезеңімен орындалып жатыр.

Күнтізбелік жыл санау бойынша келіп жеткен 2017 жыл да еліміз үшін елеулі жыл болмақ. Өйткені, 2017 жыл бастала салысымен еліміз Халықаралық универсиада ойындарын өткізеді. Ең маңызды шаралардың бірі – ел абыройын әлемге тағы бір мәрте паш ететін EXPO-2017 халықаралық көрмесін ұйымдастырмақ. Осындай айтулы шаралар күтіп тұрған Жаңа жыл бәрімізге толағай табыстар әкелсін. Университетіміздің жетістіктерін еселеп, жаңа белестерді бірге бағындыруға шақырамын.

Қадірменді ҚазҰУ ұжымы! Университетіміздің әрбір жетістігі сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен жалынды ынта-жігерлеріңіздің арқасында орындалып жатқандығын ерекше атап өткім келеді. Біздің басты байлығымыз – ұжымдағы ынтымақ, береке, кәсіби біліктілік екендігі анық. Келе жатқан Жаңа жыл барлығымыздың отбасымызға берекелі жыл болсын! Баршаңызға зор денсаулық, амандық, мол табыстар тілеймін!

# КазНУ важный партнер ООН

**Вступающий в должность новый Генеральный секретарь ООН Антониу Гутерреш направил письмо ректору КазНУ им. аль-Фараби, академику Галымкаиру Мутанову с благодарностью за его личный вклад в плодотворное сотрудничество университета с Организацией Объединенных Наций.**

Генеральный секретарь ООН выразил глубокую признательность КазНУ им. аль-Фараби, как важного партнера в решении глобальных вызовов современности. «Я с нетерпением жду, чтобы приступить к совместной работе с Вами по построению прочного благополучия всего человечества», – отмечает Антониу Гутерреш.

В своем письме Генеральный секретарь отмечает высокую роль КазНУ как Глобального Хаба ООН «Академическое влияние» (UNAI) в продвижении принципов и инициатив ООН и создании дружественной атмосферы, которая обеспечивает открытость и прозрачность в деятельности международной организации как медиатора и созидательного «моста» в решении актуальных проблем цивилизации.

«Для того чтобы мечты и стремления основателей ООН исполнились, нам предстоит большая совместная работа. Для меня честь посетить Казахский национальный университет им. аль-Фараби, сразу как только мой график позволит это сделать», - говорится в официальном письме Антониу Гутерреша.

Следует отметить, что КазНУ им. аль-Фараби возглавляя Глобальный Хаб ООН «Академическое влияние» и Региональный Хаб ЮНЕСКО по устойчивому развитию в Центральной Азии эффективно выполняет миссию, возложенную на нее Организацией Объединенных Наций. Так, КазНУ единственный из вузов СНГ был удостоен высокой чести открыть секцию на Глобальном Саммите «RIO+20» в поддержку энергоэкологической стратегии, инициатив «Зеленый мост» и «G-Global» Президента РК Нурсултана Назарбаева. Совместно с Колумбийским университетом в КазНУ успешно действует программа подготовки специалистов по устойчивому развитию «MDP Global Classroom». Кроме того, университет является частью всемирной студенческой программы-игры «Модель ООН - Новый шелковый путь».

Национальный вуз является одной из самых активных и эффективных площадок по реализации многих инициатив и масштабных проектов международного уровня по решению глобальных проблем. Например, КазНУ инициировал создание международного консорциума университетов по вопросам устойчивого развития. Выступил организатором III форума ректоров университетов Азии, который стал мощным импульсом интеграционных процессов в регионе. Университет принял активное участие на VII Глобальном форуме Альянса цивилизаций ООН, открыв секцию «Аль-Фараби - философ цивилизаций» и представив концепцию развития добродетельного общества, которая получила поддержку и широкий отклик среди зарубежной научной элиты.

КазНУ им. аль-Фараби является признанным лидером в деле продвижения инициатив ООН, направленных на решение вызовов тысячелетия. Высокая оценка Генерального секретаря ООН Антониу Гутерреш еще раз подтверждает о растущем мировом авторитете Казахстана и национального вуза, его узнаваемости в международном образовательном пространстве.

**Айкерим КАМАЛДИНОВА**

# 2016 ГОД: ЯРКИЕ МГНОВЕНИЯ КАЗНУ

**Приближается Новый 2017 год. По традиции, подводя итоги и с благодарностью провожая уходящий год, мы вспоминаем его светлые и приятные мгновения, успехи и достижения. Он запомнился нам годом знаковых событий и ярких впечатлений, неразрывно связанных с трансформацией Казахского национального университета имени аль-Фараби в вуз мирового уровня «al-Farabi University Smart City».**

**ЯНВАРЬ**

В начале года Всемирный конгресс Тюркских народов удостоил КазНУ имени аль-Фараби звания «Лучший вуз Тюркских стран».



Вице-премьер Республики Казахстан Дарига Назарбаева встретилась с активом КазНУ и посетила Центр обслуживания студентов «Керемет» – инновационный объект, не имеющий аналогов в мировом пространстве. Здесь для студентов оказывается более 500 образовательных, медицинских, социально-бытовых и культурных услуг по принципу «одного окна».



Между КазНУ им. аль-Фараби и МГУ им. Ломоносова подписано Соглашение о сотрудничестве, благодаря которому налажен обмен студентами и преподавателями, взаимные научные стажировки и совместные научные проекты.

Региональный директор международного рейтингового агентства QS Зоя Зайцева встретилась с руководством вуза. Она дала высокую оценку деятельности КазНУ за последние 3 года и подчеркнула уникальные подходы в продвижении в мировом рейтинге.

*Продолжение на 6,7 стр.*

РЕКТОРАТ

# ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ҚАЗҰУ

**Бірлік туын биік көтерген Қазақ ұлттық университеті тағы да бір ынтымақтастық келісіміне отырды. Бұл жолы «Байтақ болашақ» Экологиялық альянсымен ынтымақтастық жасасып, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов пен альянс президенті Азаматхан Сайлауұлы келісімге қол қойды. Азаматхан Сайлауұлы өз сөзінде экологиялық жобаларға инвестиция тартуды мақсат тұтатынын және оны ҚазҰУ ғалымдарымен бірігіп жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ,аталмыш альянстің бірден-бір құрметті президенті, қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов кеңеске қатысып, жобаның жай-жапсары жайында түсіндірді.**



Күн тәртібі бойынша халықаралық рейтингілерде ҚазҰУ-ды алға жылжытудың жол картасы мен 3G-университетті қалыптастыру туралы мәселелер қарастырылды. ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев хабарлама оқып, 3G, зерттеу университетінің ел экомоникасының дамуындағы үлкен рөліне тоқтала кетті. «Зерттеу университетінің негізгі факторлары: таланттарды шоғырландыру, мол қаржыландыру, қолайлы басқару жүйесі», – деді ол. Сондай-ақ, Мұхамбетқали Бүркітбаев ҚазҰУ-дың халықаралық дәрежесін көтеруге арналған шаралар, халықаралық форумдар мен көрмелерге қатысу, ғылыми-оқыту ұйымдары мен қауымдастықтарға мүшелік ету, шетел оқу орындарымен бірлесіп жобалар жасау университеттің академиялық беделін жақсартатынын жеткізді. ҚазҰУ-ды халықаралық рейтингте алға жылжытудың жол картасында оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық қызмет, халықаралық ынтымақтастықты алға тартуды ұсынды. Ағылшын тілінде өтетін пәндерді, шетел оқытушылары мен студенттерінің санын келтіріп, жүйеледі. Ғылыми-инновациялық қызметтегі мақалалардың жиілігін, ғылыми зерттеу жұмыстардың қаржыландырылуын тілге тиек етті. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты, әсіресе, халықаралық БАҚ-пен тығыз байланыс орнатуды негізге алды.

Кафедралар мен факультеттердің шаруашылық есептегі орталықтары туралы Стратегиялық даму орталығы процестік менеджмент секторының жетекшісі Гүлшат Салауатқызы Минажева хабарлама оқыды. Университетте жұмыс істеп жатқан 78 шаруашылық есептегі орталықтардың тізімін жариялап, әр факультет жобалары мен шараларының есептемесін келтірді.

Сондай-ақ мәжілісте ҚазҰУ ұжымының мерейін өсірген көптеген марапаттаулар орын алып, жағымды жаңалықтарға толы болды. Атап өтсек, бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы Біріккен ұлттар ұйымынын жаңадан сайланған Бас хатшысы Антонио Гутьеррес ҚазҰУ ректорының атына хат жолдағанын жеткізді. Ғалым Мұтанов Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Алагробиостанция инженері Дінмұхаммед Әйкенұлы және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Бауыржан Беркінбайұлына Ұлттық экономика министрлігінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төс белгілері берілді.

**Ж. ҚАРАТАЕВА**

ҚЫСҚА-НҰСҚА

**Халықаралық қатынастар факультетінде халықаралық жеке құқықтан университетаралық жарыс өтті. Шараға ҚазҰУ-мен қатар ҚМЭБИ, ҚазМЗУ, Narxoz, Абылай хан атындағы ХҚжӘТУ студенттері қатысты.**

Отандық оқу орындары арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту, дамыту және тәжірибе алмасуды мақсат еткен жарыс бірнеше айналымнан тұрды. Қатысушылар көшбасшылық, біліктілік, жылдамдық, пікірін нақты және тиянақты жеткізе білу және есеп шығару қабілеттерін көрсете білді.

Төрешілер бұл іс-шараның ерекшелігін атап өтіп, өздерінің болашақта отанды тәжірибеден алынған кейстерін ұсын ниеттерін білдірді.

**Л.Б. НЫСАНБЕКОВА**,
*PhD, аға оқытушы*

***

**География және табиғатты пайдалану факультеті, картография және геоинформатика кафедрасының оқытушылары мен 3-4 курс студенттері М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына барып, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ақтастағы Ахико» қойылымын тамашалап қайтты.**

Қойылым барысында Қарлагта жан түршігерлік азапқа түскен тұтқындардың өмірі көрсетіледі. Қуғын-сүргінге ұшыраған бір миллионға жуық адамның арасында қазақтармен қатар көптеген өзге ұлттардың өкілдері болған. Солардың бірі – жапон азаматы Ахико Тецуро. Кейін әкесімен және бауырларымен қауышқан Ахико Тецуро өзінің тарих Отанына барады, бірақ Қазақстанға қайта оралады.

Бұл қойылымның бүгінгі тәуелсіз ел ұрпағына және студент жастарға берер тәлім-тәрбиесінің мәні зор.

**Картография және геоинформатика кафедрасы**

***

**Филология және әлем тілдері факультетінің профессоры Г.Қ. Қазбек пен философия және саясаттану факультетінің доценттері – Н.С. Жұбаназарова, Ұ.Б.Төлешованың ұйымдастыруымен жуырда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектепте «100 кітап» жобасы аясында «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына 25 кітап» атты тәрбиелік шара өтті.**

Оның барысында 9-сынып оқушылары Д. Исабековтың «Әпке», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» дарамаларын қойса, 6-сынып оқушылары Б. Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал» шығармаларын сахналады. 5-сынып оқушылары өз оқыған кітаптарының мазмұнын суретпен бейнеледі. Шара жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын оятуды, кітаппен дос болуға үйретуді мақсат етті.

**Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА**,
*педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті*

***

**Филология және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен «Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында КММ Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында «Дария кеуде тау мүсін, карттарым аман-саумысың?» атты қайырылымдық концерт өткізілді.**

Қайырымдылық акция негізінде жалғыз және аз қамтылған, мүгедектер және қарттар үйіне барып, гүл шоқтары мен арнайы сыйлықтар таратылды. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ, ол ұрпақ көрегенділігі. Сондай ұрпақ тәрбиелеп отырған Қазақ ұлттық университетінің белсене атсалысқан ұстаздары мен студенттеріне қарттардың алғысы шексіз болды. Жастар өнерлерімен барынша қуаныш сыйлай білді.

**А.Т. АШИРОВА**,
*қазақ тіл білімі кафедрасының доценті*

# ПОЧЕТНЫЙ ГРАЖДАНИН

**Ректору КазНУ им. аль-Фараби академику Галыму Мутанову присвоено звание «Почетный гражданин Северо-Казахстанской области».**

Высокое звание было присвоено решением VII сессии шестого созыва Северо-Казахстанского областного маслихата в знак признания особых заслуг Галыма Мутанова, большой вклад в развитие образования, науки и культуры, духовного и интеллектуального потенциала, за достижения в общественной деятельности, а также в повышение имиджа страны за рубежом.

Следует отметить, что Галым Мутанов в разные годы занимал должности руководителя Высшего технического колледжа СКГУ и ректора Северо-Казахстанского государственного университета им. М.Козыбаева. За годы его руководства в СКГУ были проведены конструктивные преобразования, которые способствовали эффективному инновационному развитию всего региона, университет стал одним из лучших вузов в стране. Он внес весомый вклад в социально-экономическое развитие области.

Также, Галым Мутанов в 1998-1999 г.г. работал исполнительным директором Северо-Казахстанского филиала ОО «Общественный штаб в поддержку кандидата в Президенты Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. В 1999-2002 г.г. был депутатом Северо-Казахстанского областного маслихата.

Наряду с академиком Г.Мутановым нагрудный знак и удостоверение почетного гражданина Северо-Казахстанской области получили ветеран труда Виктор Агеев, ветераны Великой Отечественной войны Хасым Джунусов и Сергей Пресняков, государственные деятели Республики Казахстан Даниал Ахметов и Кажмурат Нагманов, а также президент АО «Теміржолсу» Куат Есимханов.

**Соб.корр**

# В преддверии Универсиады



**В Библиотеке имени аль-Фараби состоялась Международная научно-практическая конференция "Актуальные вопросы спортивной медицины", посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан. Проведенное мероприятие – первое крупное научное событие для поиска эффективных путей медицинского сопровождения в спорте высших достижений.**

Участие известных международных и отечественных специалистов в области спортивной науки, а также представителей физкультурно-спортивных организаций и научного сообщества — свидетельство престижа и авторитета КазНУ им. аль-Фараби, так как университет славится богатыми спортивными традициями, высокими достижениями наших спортсменов.

В рамках конференции было представлено инновационное медицинское оборудование, специалистами из Южной Кореи, проведены мастер-классы, обсуждены вопросы о роли современных методов клинического обследования и функциональной диагностики в спортивной медицине.

Отдельное внимание уделено проблемам фармакологии спортивной медицины, в частности, антидопинговой фармакологии спортивной медицины. Обсуждены правовые и клинические аспекты использования запрещенных методов и средств в спорте, внимание уделили допинг-контролю в области медико-психофизиологического обеспечения подготовки спортсменов.

В преддверии Всемирной Зимней Универсиады 2017 г. в данной конференции были обсуждены алгоритмы действия спортивных врачей в случае травм при проведении соревнований по зимним видам спорта.

Экспертами была дана оценка сегодняшнему состоянию спортивной медицины и уровню ее соответствия требованиям современного спорта, выявлены проблемы, указаны перспективы и направления совершенствования медико-психофизиологического обеспечения тренировочного и соревновательного процесса подготовки спортсменов.

Участники Конференции констатировали, что внедрение актуальных научных исследований в области медицины спорта является приоритетной задачей отечественного спорта. Отмечено, что только совместной работой и целенаправленными усилиями спортивного руководства: тренеров, спортивных педагогов, специалистов по медико-психофизиологическому обеспечению подготовки спортсменов, можно достичь ведущих позиций в мировом спорте.

С проведением данной конференции мы выстраиваем совершенно новый тренд в нашей научной спортивно-медицинской работе. Научно-практическая конференция стала площадкой по обмену опытом и интеграции в мировой практике спортивной медицины. Учитывая, что спортивный имидж является составной частью цельного комплексного имиджа Республики, программа конференции позволила выработать предложения по решению актуальных проблем в области спорта.

Нами был сделан небольшой, но важный шаг в развитии отечественной спортивной медицины! И мы уверены, что те направления, которые были обозначены на конференции, в дальнейшем мы будем развивать с привлечением еще более широкого круга специалистов в этой области.

**Ж.А. КАЛМАТАЕВА**,
*декан медицинского факультета д.м.н., ассоциированный профессор*

**Г.Б. МАДИЕВА**,
*и.о. профессора кафедры физвоспитания и спорта, к.п.н., доцент*

## ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің қатысуымен Бақылау кеңесінің отырысы өтті

# ҰЛТТЫҢ ҮНЖАРИЯСЫ АТАНҒАН РАДИО

**Жуырда журналистика факультеті баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақ радиосының» 95 жылдығы, «Шалқар» радиосының 50 жылдығы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің студенттік «Сана» - «Әл-Фараби» радиосының 20 жылдығына арналған «Қазақ радиосы» – дәстүр мен жаңашылдықтың медиамоделі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.**



«Ғасырға жуық ұлттың үнжариясы атанған радионың халқымыздың тарихында алар орны бөлек. Қазақ радиосы 95 жыл ішінде елдің ең жедел, сүйікті ақпарат құралына айналып, халыққа барлық жаңалықты жеткізетін насихаттың көзі болды. Қазіргі күнде де жаңалықты жедел айтатын түрлі ақпарат құралдары болғанмен, радионың орны ерен. Себебі, оны орталықтан шалғай жатқан ауылдар әлі де ұйып тыңдайды. Бұл – радиоға деген құрмет»,-деді баяндама жасаған ректор .Мұтанов.

Жедел ақпарат тарату арқылы ұлтты ұйыстырып, мемлекеттік мүддеге жұмылдыру, әр қазақстандықтың санасына азаматтық ой таратып, әр жүрекке Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ұялату ісінде көшбасшы болып келе жатқан, әлемдік кеңістіктегі барша қазақтың сүйікті үнжариясына айналған Қазақ радиосының мерейлі мерекесі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де мерекесіне айналды.

Сонау 1921 жылдан бері халыққа қажетті хабарларымен естігеннің құлақ құрышын қандырып, жүрегіне жол таба білген ұжым мемлекетіміздің іргесін көтеріп, мәртебесін асқақтатуға қосып келе жатқан еңбегі өлшеусіз.

Радио Қазақстан халқының достығын нығайту мақсатында қазақ, орыс, неміс, корей, ұйғыр, әзірбайжан, түрік және татар тілдеріндегі хабарларын әуе толқынына шығарып келеді.

Қазірде Қазақ радиосы - форматы жағынан халық сұранысына ие болған тақырыптық бағдарламаларды жүргізетін республикадағы бірден-бір радиостанция. Ол халықаралық кеңістікте өзге мемлекет арналарымен достық қарым-қатынаста. «Мир» мемлекетаралық телерадио компаниясымен, «Россия» радиосымен әріптестігін ерекше атап өтуге болады.

Қазақ радиосында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері еңбек етеді. Студенттер мен магистранттар теориялық танымын тәжірибемен ұштастырып, кәсіби машығын арттырады. Бұл тұрғыда Қазақ радиосымен университет арасында тығыз байланыс орнаған. Болашақта да отанымызға қажетті кәсіби құзыретті мамандар даярлауда бірлесе қызмет ете беретінімізге кәмілмін. Құрылғанына 95 жыл толып отырған Қазақ радиосының және «Шалқар» радиосының 50 жылдық мерейлі мерекесімен университет атынан құттықтаған ректор Ғ. Мұтанов «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы Ойшыбаев Кемелбек Бақтығұлұлы, «Қазақ радиосы» мен «Шалқар» радиосының майталман журналистері Жанар Оразымбетова, Бақыт Жағыпарұлы Құтпанбаев, Ақынбекова Алтын Бақашқызы, Гүлмариям Шалабайқызы Молдабергенова, Гүлбану Алпамысқызы Мұқтарқұлова, Темірхан Момбекұлы-Түркістан, Капышева Ляззат Мейрамханқызы, Садвакасова Гүлия Сақтағанқызы, Гүлбағыш Ленсқызы Бостанова «әл-Фараби ат. ҚазҰУ 85 жыл» медалімен марапаттады.

Конференция аясында ең үздік студенттік радио бағдарламаға байқау жарияланған болатын. Осы шара барысында «Қазақстан» РТРК төрағасы К. Ойшбыбаев Пердеш Дана Жарылқасынқызы, Қастай Дастан Қуандықұлы, Айтәлі Өмірбат Жанғабылұлы, Бекеева Аида Бағланқызы, Қожабек Қарлығаш Қазбекқызы, Оразбай Альмира Асылбекқызы, Мұсаева Алтынай Маденқызы сияқты журналистика факультетінің студенттеріне «Қазақстан» РТРК атынан 500 мың теңгенің шәкіртақысы табыс етілді.

Шара аясында екі жақты Ынтымақтастық туралы мемоарундамға қол қойылып, «Қазақстан» РТРК базасында журналистика факультеті студенттерінің оқу-өндірістік тәжірибелерімен қатар, арнайы теле және радио бағдарламаларына қолдау көрсетіліліп, факультетте 2017 жылы «Қазақстан» РТРК оқу аудиториясы ашылмақ. Тарихи құжат бірлескен білім беру, ғылыми-зерттеу және рухани-танымдық шаралар ұйымдастыруға негіз болмақ.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**
*баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі*

**Жуырда әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы оқытушылары, докторанттары мен магистранттары Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қорында Жас ғалымдар кеңесінің бастамасымен өткен ІІ Еуразиялық форумға қатысып, білімі мен тәжірибесін шыңдап қайтты. Осы күні Ресей, Беларуссия, Армения, Үндістан және Франциядан ат терлетіп келген ғалымдар бір алаңда тоғысты.**

# ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ

Бұл іс-шараның басты құндылығы – ұсынылып отырған жобалардың қолданбалы сипаты. Биылғы жылы комиссия 300 жобаны қарастырып, олардың тегеурінді 15 үздігін таңдап алды. Оларға тікелей инвесторлардың алдында сөз тізгінің ұстау мүмкіндіі і берілді.

Форумға келген қонақтардың бірі – әлеуметтану саласында толағай еңбектерімен танымал әлеуметтік ғылымдар докторы, Париж-Сарбонна (Париж IV) университетінің профессоры Филипп Штайнер Қазақстан мен Францияның білім беру жолдары әр түрлі екендігін, аталмыш форумның құнды тәжірибе болғанын атап өтті. Сондай-ақ профессор әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанттары мен магистранттарына арнап экономикалық әлеуметтану тұрғысынан трансплантология феномені туралы дәріс оқыды.

Бүгінгі жас ғалымдар инновациялық және шығармашылық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олардың қазіргі ғылымға деген өзіндік көзқарасының қалыптасуында осындай шаралардың атқарар рөлі зор. Жастардың ғылыми ізденісі мен қызығушылықтарын қолдап, идеяларын іске асыруға атсалысу – кафедрамыздың басты мақсаты!

**С.А. АМИТОВ,**
*әлеу.ғ.к., әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доцені м.а.*

# Летопись народных рецептов

**В КазНУ имени аль-Фараби состоялась онлайн видеоконференция на платформе G-Global «Актуальные современные проблемы биофизики и биомедицины».**




В ходе конференции свое участие приняли приглашенный профессоры из КНР из Института Синьцзяньского исследовательского центра казахской медицины, Урумчи, профессораиз России из Институт Биофизики клетки РАН, Пущино, Москва иученые Японии из Медицинского факультета Университета Джунтендо, Токио.

После представления своих работ и научных достижений, участники конференции перешли к активному обсуждению вопросов «казахской медицины». Этот термин, озвученный коллегами из СУАР (КНР), подразумевает область казахской традиционной народной медицины. Это малоизвестная, малоизученная область медицинскойнауки, так как наши народные лекари свои знания и опыт, методы лечения, рецепты приготовления снадобий и мазей, различных приспособлений, передавали от отца к сыну в устной форме.

Тем не менее, некоторые письменные источники существуют, они сохранились в книге «Шипагерлік Баян» автора Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, 15 века. Книга содержит лекарственные рецепты на арабском, латинском и персидском языках. Некоторые слова малоупотребимы или вовсе вышли из обихода, и специалисты работают над толкованием и переводом книги на мировые языки для популяризации казахской медицины.

Как известно, здоровье человека существенно зависит от образа жизни, экологических условий и наследственности. Каждой нации в соответствии с эколого-географическими, культурными и этногенетическими особенностями, присущи свои «болевые точки», так называемые «национальные» заболевания, встречающиеся у людей одной национальности чаще, чем у представителей других стран и национальностей. Профессор Асия Бейсенбайкызы перечислила заболевания, которыми чаще болеют именно казахи, и какие способы лечения издревле предлагает казахская медицина.Присутствовавшие подискутировали на предметтрадиционно высокого потребления красного мяса и мясных продуктов, характерных для казахского этноса, и частоты сердечно-сосудистой заболеваний в Казахстане.

В целом, конференция прошла успешно. Присутствовавшие молодые ученые кафедры (докторанты и магистры) очень заинтересовались и приняли активное участие в дискуссии. В канун 25-летия независимости РК, научная дискуссия на международном уровне, на биомедицинские темы, прошедшая почти полностью на казахском языке (за исключением 1 выступления), - наглядное доказательство успехов нашей независимости и государственности.

**Л.Ж. ГУМАРОВА,**
*к.б.н., и.о.профессора;*
**С.Т.ТУЛЕУХАНОВ,**
*д.б.н., профессор*

**В КазНУ прошли лекции профессора Шакиры Фахми из университета Аризона (США)**

# Кәсіпкерлікті дамыту – стратегиялық міндет

**Соңғы жылдары елімізде кәсіпкерліктің дамуына, әсіресе, шағын және орта бизнеске көп көңіл бөлініп келеді. Сондықтан, кәсіпкерліктің өрісі кеңейіп, жаңа тынысы ашылуда. Бұған кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары мен жобалары дәлел.**

Осы орайда жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуды насихаттау мақсатында жуырда Экономика және бизнес жоғары мектебінде «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының ұйымдастыруымен және Алматы қалалық Бизнес ассоциациясы өкілдерінің қатысуымен «Кәсіпкерлік сана» тақырыбында іс-шара өтті.

Шараға бизнес әлемінің белді өкілдері – Алматы Бизнес ассоциациясының төрағасы Абдрасилов Бақытжан Зұлпыхарұлы мен директоры Досанбай Олжас Пердебекұлы, сондай-ақ факультет деканы Ермекбаева Баян Жүндібайқызы және кафедра оқытушы-профессорлары, студенттері қатысты. Кездесуді Баян Жүндібайқызы ашып, кәсіпкерліктің экономикамызға тигізер зор әсеріне тоқталып өтті. Әсіресе, шағын және орта бизнестің ел дамуында үлкен рөл атқаратынын, бұл ретте жастар арасында кәсіпкерлік қызметпен айналысам деушілерге түрлі бағдарламалар бар екендігін және оларды мемлекет әрқашан қолдайтындығын жеткізді.

Өз кезегінде Бақытжан Зұлпыхарұлы: «Бүгінгі таңда кәсіпкерлікпен айналысам деушілерге көп жағдай жасалынған. Қазіргі заман – нарық заманы. Экономикасы нарықтық бағытқа бет алған Қазақстан үшін кәсіпкерлікті дамыту – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, нарықтық экономиканың өзі – кәсіпкерлік экономика. Кәсіпкерлік қызметтің өркендеуі үшін бастысы ақша емес, тек тәуекелге бара білу. Ешқандай да қорқу болмау керек» – деп, аудиториядағы жастарға жігер берді. Расында да кәсіпкер болу үшін бастысы капитал емес, ниет деп түсінетін кәсіпкерлерге осы тұрғыда студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылды. «Мысалы, менің бір кәсіппен айналысқым келеді. Қазіргі кезде Қытайдан тауар әкеліп, 2-3 есеге сатып жатқан саудагерлер қаншама?! Сіздің ойыңызша, тауарды өндірген дұрыс па, әлде алып-сатарлықпен айналысқан тиімді ме?» – деп сұраған студентке ассоциация директоры Олжас Пердебекұлы: «Мен ҚазҰУ түлегімін. 20 жасымда осы жерге қарапайым жұмысшы болып орналастым. Алматыдан үйді де, көлікті де бизнестің арқасында алдым. Негізі, нарықты зерттемей, ешқандай тауарды өткізе алмайсың. Біреу алып қалар деген ой – жаңсақ пікір. Кәсіпкер ретінде сіздерге, ең әуелі алып-сатарлықпен айналысқан тиімді деп кеңес берер едім. Себебі, сіздер нарықтың болашақ өзгерісі туралы білмейсіздер ғой. Тұтынушының сіздің тауарыңызға деген сұранысы болмаса, нөлдік пайданың қажеті жоқ. Капитал қорын және біршама тәжірибе жинаған соң ғана тауар өндірумен айналысқан дұрысырақ», – деп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Ал «Кәсіпкер болу үшін міндетті түрде ЖОО-ны қызылға бітіру керек пе?» деген сұраққа, кәсіпкерлер бір ауыздан оның бизнеске қатысы жоқ екендігін, бастысы кәсіпкерлік кабілет пен кәсіпкерлік сананың болуы қажет екендігін тілге тиек етті. Алайда «Біздің ассоциацияда барлығы дерлік жақсы оқыған, сондықтан қай жерде де білім керек», – деп, студенттерге білімнің қашанда үстем болатынын жеткізді.

Кәсіпкерлік сана демекші, осы тұста сөз тізгінін кафедра доценті Жұмабек Орманбекұлы алып: «Кәсіпкерлік дегенді жаңа бір істі ойлап табу, өз бетіңше жұмыс жасау деп түсінер едік. Қазіргі кезде кәсіпкерлікті дамыту – стратегиялық міндет болып саналады. Елбасының тікелей қолдауымен елімізде жастар кәсіпкерлігін дамытуға тиісті жағдайлар жасалынуда. Еліміздің аймақтарында кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары ашылып, онда кез келген тұлға тәжірибелік кеңестер ала алады. Алайда, сіздер айтпақшы, университетті қызылға бітіріп, белгілі мамандық иесі атанған жастардың өзі кәсіп–керлікке бара бермейді. Олар қандай да бір кәсіпті ұйымдастыруға тауы шағылатында қорқып тұрады. Сол үшін жастардың бойында алдымен кәсіпкерлік сананы қалыптастыру, ынта-жігерді орнықтыру қажет», – деп өз пікірін ортаға салды.

Басқосуды қорытындылаған Баян Жүндібайқызы қонақтарға алғыс білдіріп, кездесудің жастар үшін маңызы зор болғандығын атап өтті. Біз де кәсіпкерлерге ризашылығымызды білдіре отырып, еңбектеріне табыс тіледік.

**Ж.О. ТҰМБАЙ,**
*менеджмент және маркетинг кафедрасының доценті;*

**Ә.А. БАРЖАҚСЫЕВА,**
*«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 4-курс студенті*

# Бактериофаг в ИНТЕРАКТИВЕ

**В Казахском национальном университете им. аль-Фараби состоялся международный круглый стол, который объединил ведущих специалистов здравоохранения и медицинского образования из трех стран – Казахстана, России и Азербайджана. Более 60 представителей лечебно-профилактических учреждений Казахстана, службы по защите прав потребителей, ученые-медики из Санкт-Петербургского государственного университета, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, Медицинской ассоциации Азербайджана собрались, чтобы обсудить тему «Организация системы мониторинга за возбудителями инфекций, связанных с оказанием медицинской помощи».**



Онлайн-участниками круглого стола стали 15 медицинских работников крупнейшего в стране коммунальное государственное предприятие (КГП) на праве хозяйственного ведения (ПХВ) «Центр матери и ребенка» Управления здравоохранения (УЗ) Восточно-Казахстанской области (ВКО).

Уровень инфекционной заболеваемости в странах, в том числе инфекций, связанных с оказанием медицинской помощи (ИСМП), является одним из индикаторных компонентов, характеризующих «индекс здоровья нации». ИСМП представляют собой одну из наиболее острых проблем, которая была и остается актуальной для здравоохранения всего мира. По данным отечественных и зарубежных исследователей, ИСМП возникают по меньшей мере у 5-12 % больных, поступающих в лечебные учреждения. Эта цифра не учитывает пораженность ИСМП у пациентов, получающих амбулаторную помощь и проходящих инвазивные диагностические обследования. Недостаточная эффективность профилактических мер, предпринимаемых против ИСМП, является важной социально-медицинской и экономической проблемой.

С большим вниманием собравшиеся заслушали презентацию Елены Колосовской, приглашенного профессора из Санкт-Петербургского государственного университета, «Опыт внедрения системы микробиологического мониторинга в ЛПУ Российской Федерации в рамках политики сдерживания антибактериальной резистентности». Благодаря большому опыту работы профессора в данной сфере, в презентации был интегрирован весь опыт РФ по борьбе с ИСМП. Колосовская Елена, более 10 лет возглавлявшая работу медицинского информационно-аналитического центра Санкт-Петербургского городского управления здравоохранения, принимала участие в разработке ряда нормативных документов и стандартов РФ, методических руководств по эпидемиологическому надзору за ИСМП.

Наибольший интерес у присутствовавших ученых-медиков вызвала база данных международной компьютерной программы WHONET по мониторингу антибиотико–резистентности бактериальных штаммов и возможность их использования для эпидемиологической диагностики ИСМП.

Ситуацией по ИСМП в стационарах хирургического, терапевтического, инфекционного профиля Республики Казахстан поделились госпитальные эпидемиологи ЛПУ из разных регионов страны, прибывшие в КазНУ им. аль-Фараби на цикл повышения квалификации «Актуальные вопросы инфекционного контроля». Оценку ситуации по ИСМП в целом по Казахстану дала начальник управления мониторинга инфекционного контроля и дезинфектологии Научно-практического центра санитарно-эпидемиологической экспертизы и мониторинга Комитета по защите прав потребителей РК к.м.н., врач высшей категории Елена Лавлинская. Ею была отмечена схожесть систем инфекционного контроля, нормативных документов, методологических подходов и проблем в борьбе с ИСМП в РФ и РК и презентован учебный курс для врачей «Предупреждение инфекций, связанных с медицинскими устройствами, в организациях здравоохранения», разработанный национальными экспертами с участием экспертов ЮНИСЕФ, ВОЗ, CDC.

Об ориентировании системы здравоохранения Азербайджана на международные стандарты сообщил Президент медицинской ассоциации Азербайджана Нариман Сафарли. Важность борьбы с ИСМП отражена введением в ЛПУ Азербайджана должностей заместителей управляющих ЛПУ по инфекционному контролю.

В заключение круглого стола участники отметили продуктивность обсуждения и полезность обмена мнениями специалистами разного профиля и необходимость дальнейших встреч и коллегиальных обсуждений для совершенствования систем инфекционного контроля, профилактики ИСМП и роста качества медицинского обслуживания населения.

Организатором круглого стола выступила кафедра эпидемиологии и гигиены медицинского факультета КазНУ.

**Алия ТАБАЕВА,**
*зав. кафедрой эпидемиологии и гигиены*
**Анар ДАНИЯРОВА,**
*зам. зав. кафедры эпидемиологии и гигиены по УВиМР*

# ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – ТІРЕГІМ!

*Бабадан қалып жеткен көрегенді,*
*Еркіндік жастығында өлең өрдік.*
*Арқалап аманатын келіп жеткен,*
*25 жыл – құтты болсын егемендік!*



Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» деген сөздері қазағымыздың өр мінезділігі мен намысшылдығы, салқынқанды сабырлылығымен ұштаса түсері анық. Еліміз аңсап жеткен тәуелсіздігімізге бүгінде бойында қаны тасыған, жүрегі мен кеудесі халқым, елім деп соғатын қақпа жауырынды, алпамсадай құшағына бүкіл ұлт өкілдерін сыйғыза алатын, дархан көңіл, ер жүректі жас жігіт тәрізді 25 жыл толыпты.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы осының барлығы дархан қазағымның, Қазақстан жұртының жүрегіне өшпес із қалдырып, таңба салды. Бұл – тарих. Оны ұрпақ жадына сіңіру, ұлағаттау – парыз. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы сөз бар емес пе?

Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді. Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәтте ата-бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде жүрекке мұң мен қуаныш араласып, көзге жас үйірілді. Егемен еліміздің арқасында бауырларымыз, қандастарымыз өз Отанына оралды. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, әрбір азаматымыздың аяқтарынан тұрып кетуіне бар күш салынуда. Орнында бар оңалар демекші, бүгінде осы азаматтарымыз, елі үшін еңбек етіп, Отанымызға үлесін қосып жүр.

Иә, ата-бабамыз сан ғасырлар армандаған Тәуелсіздігіміз, бүгінде күн болып көгімізде төгіліп тұр. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Сондықтан бүгінде, тәуелсіз ел болған уақытта туылған жастарымыз «Тәуелсіздік» деген сөздің қадір-қасиетін біліп өссе екен дейміз.

**Л.Б. УМБЕТЬЯРОВА,**
**М.Т. АДИЛОВА,**
*эпидемиология және гигиена кафедрасының оқытушылары*

**В КазНУ прошла конференция «Корееведение в Центральной Азии и цифровая гуманитаристика» совместно с Университетом иностранных языков Ханкук**

# ҮЛГІ ТҰТАР ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

**Әрі ұстаз, әрі әріптес Батыргелді Ерденұлын 15 жылдан аса уақыттан бері танимыз. Осы уақыт аралығында ол кісінің білімі мен біліктілігіне, кеңдігі мен адамгершілігіне куәгер болып жүрміз.**

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, Батыргелді ағай айналасындағы шәкірттеріне үйретуден ешқашан жалыққан емес. Ақыл сұраған шәкірттен де, көмек сұраған әріптестен де жақсылығын аяған емес. Бүгінде әріптестері мен шәкірттерінің үлкен құрметіне бөленген ұстаз мерейлі 70 жасқа толып отыр.

Батыргелді Ерденұлы 1946 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. 1970 жылы Қазақ мемлекеттік институты топырақтану және агрохимия факультетінің топырақтану кафедрасын тамамдаған. Оқу бітіргеннен кейін ҚР ҒА Топырақтану институтында қызмет істеді. 1972-1982 жылдары Батыс Қазақстанда ғылыми топырақ зерттеулерін жүргізіп, сортаң топырақтарды игеру жолдарын зерттеген. Белгілі ғалым, б.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі Ж.У.Ахановтың жетекшілігімен 1991 жылы «Каспий ойпатының жартылай гидроморфты сортаң топырақтарды суармалы жағдайда мелиорациялау» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1995 жылдан бастап Қазақ ұлттық университетінде қызмет етіп келеді. Ол қазақ және орыс тілдерінде бакалавриат және магистратураға жалпы және арнайы курстарды оқиды.

Батыргелді Ерденұлының 100-ге жуық ғылыми мақалалары мен тезистері жарық көрген. Ол кісі оқу жұмысымен қатар факультеттегі ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады. Жыл сайын өтетін Республикалық пәндік студенттік олимпиаданың «Экология» мамандығы бойынша тұрақты комиссия төрағасы. ҚР БҒМ-нің ғылыми жобаларына қатысып, ел білімі мен ғылымының дамуына өзіндік үлес қосуда.



Құрметті Батыргелді Ерденұлы, Сізді молекулалық биология және генетика кафедрасы ұжымы атынан 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып-ақ жүрсіз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз. Әрқашан мерейіңіз үстем болсын!

*Молекулалық биология және генетика кафедрасы ұжымының атынан оқытушылар*
**А.Н. ҚОЖАХМЕТОВА,**
**А.Д. СЕРБАЕВА**

---

**Биология және биотехнология факультеті биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры Нұртазин Сабыр Темірғалиұлының 70 жылдық мерейтойына орай жуырда «Биоалуантүрлілікті сақтау және биоресурстардың тұрақты пайдаланылуын зерттеу проблемалары» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

# Ғалым мерейтойы



Нұртазин Сабыр Темірғалиұлы – танымал жазушы, 1937-1938 жылдары сталиндік қуғын-сүргінді өткерген Темірғали Нұртазиннің ұрпағы. Әкесі Темірғали және анасы Ғазиза Нұртазиндер репрессияның қиын-қыстау жылдарына қарамастан балаларының бойына еңбекқорлық, ұлтжандылық, руханиадамгершілік сынды жоғары қасиеттерді сіңірген. С.Т. Нұртазиннің ғылымға деген құштарлығы студенттік жылдардан-ақ айқыша байқалған. Әскери борышын атқарып келгеннен кейін Сабыр Темірғалиұлы кафедра қызметіне қайта оралып, К.А. Сапаров, А.С. Исенбаев, Ж.О. Аяпова, Ж.М. Базарбаева, З. Джангильдина, Г.Ж. Белялова, З.Б. Есимситова, т.б. көптеген тұлғалармен зерттеу жұмыстарының материалдарын іріктеуде Қазақстан бойынша жыл сайынғы экспедицияларға белсенді қатысты. Тетрапод тыныс алу органдарының салыстырмалы зерттеулерін жүргізді. Осы зерттеулердің қорытындысы 1972 жылы кандидаттық диссертация қорғауының жемісті нәтижесі болды. С.Т. Нұртазинге «Гистология және цитология» кафедрасының доценті ғылыми атағы беріліп, ол омыртқалы жәндіктердің тыныс алу органдарының морфофункционалдылығы бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Сонымен қатар Сабыр Темірғалиұлы – түрлі отандық, 5 халықаралық жоба бойынша және де Англия, Франция, Германия, Австрия, Ресей мен Жапониядағы жобалардың ғылыми жетекшісі.

Профессор С.Т. Нұртазин – керемет ұстаз, дәріскер және беделді оқытушы. Ол – Білім және ғылым министрлігі бекіткен 5 оқулық, 8 оқу құралы, 2 монография, 200-ден астам ғылыми еңбек, импакт-факторы жоғары мақалалардың авторы. Ғылыми-педагогикалық қызметі және шәкірт тәрбиелеудегі зор еңбектері мен жетістіктері үшін 2 мәрте Білім және ғылым министрлігі тағайындаған «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантының жеңімпазы атанған, «Құрмет» орденінің иегері.

Конференция аясында әл-Фараби кітапханасы Ақпараттық қызмет көрсету басқармасы қызметкерлерінің атсалысуымен С.Т. Нұртазиннің аталған мол ғылыми еңбектері мен оқулықтарынан, фотосуреттерінен кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Ал тірі жүйенің сыртқы ортаның өзгермелі және экстремалды факторларына бейімделуі, биология және медицинаның экологиялық проблемалары, биологиялық және медициналық дисциплиналарды оқыту әдістерінің қазіргі уақыттағы тенденциялары деп аталған бағыттар бойынша көптеген мәселелер талқыланды.

Отбасының тірегі Сабыр Темірғалиұлы жары Людмила Ильиничнамен бірге бизнес және банк ісі саласында жетістіктерге жеткен ұлы Әміржан мен қызы Динаны тәрбиеледі. Бүгінде немерелерінің махаббатына бөленген ата, жақындарының қамқорлығын сезінген әке, сондай-ақ шәкірттері мен әріптестері арасында зор құрмет пен беделді ие керемет ұстаз. Конференция қонақтары, қатысушылары, әріптестері мен шәкірттері құттықтау лебіздерін жеткізіп, зор құрметтері мен ізгі ниеттерін, шынайы ықыластарын танытты.

**Н.Б. ДЕҢГЕЛБАЕВА,**
*Әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері*

---

# Наш учитель

***В трудах, которые остались,***
***Женис-агай, Вы живы ...***
***Ваш образ, добродушный и цветущий,***
***в памяти у нас***

**– такими словами хочется отметить Омирбекова Жениса Омирбековича, любимого преподавателя, оставившего незабываемый след в нашей памяти.**

Омирбеков Женис Омирбекович родился в нелегкие для народа времена – 21 июля 1941 года в селе Баршатас Шубартауского района Семипалатинской области.

После окончания 9 класса,в 1955 поступил в сельскохозяйственный техникум г.Талгара Алматинской области.

По комсомольской путевкебыл направлен на Всесоюзную стройку в г.Темиртау. Благодаря своей природнойхваткости и жажде знаний, в 1962 году поступает в Московский теплоэнергетический институт на факультет теплоэнергетики по специальности «Теплофизика».

После окончания обучения, в 1968 году по направлению Министерства был принят на преподавательскую работу в Казахский политехнический институт, затем работал в Алматинском институте энергетики.

С 1977 по 2008 год работал на физическом факультете Казахского Национального университета им.аль-Фараби ив научно-исследовательском институте экспериментальной и теоретической физики. Здесь под руководством профессора С.И.Исатаева участвовал в разработке аэродинамической трубы по исследованию потоков сверхзвуковых скоростей.По заказу Московского научно-исследовательского института авиационных моторов при помощи этой установки были проведены научные исследования воздушных потоков, распространяющимися из прямоугольного реактивного сопла со скоростями выше звуковой в 3 раза. В 1989 году Омирбеков Ж. успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук по специальности «Механика газа и жидкости».

Женис Омирбекович – высококвалифицированный специалист, прекрасный лектор, отличный педагог, проводил занятия на казахском и русском языках по дисциплинам «Механика» и «Молекулярная физика», «Газовая динамика», «Физические основы теплообмена», «Теплофизика и теплотехника», «Специальные главы молекулярной физики», «Основы теплотехники», «Конвективный теплообмен», осуществлял руководство педагогической и производственной практиками, курсовыми и дипломными работами.



Он очень любил играть в шахматы. Участвовалво многих соревнованиях и получал призовые места.Ежегодно в память о нем, колектив кафедры теплофизики и технической физики физико-технического факультета КазНУпри поддержке семьи Ж.Омирбекова проводит Республиканскую олимпиаду по физике и шахматный турнир.

И в этом году, 20 декабря была проведенаолимпиада среди студентов 1 курса ВУЗов и школьников 11-х классов Республики Казахстан, а также шахматный турнир среди студентов и преподавателей.

Победители олимпиады и шахматного турнира награжденыденежными призами, дипломами и сертификатами.

В нынешнем году 75-летний юбилей со дня рождения отметил бы наш Учитель. К этому событию приурочено торжественное мероприятие – открытие именной аудитории имени Ж.О. Омирбекова.

Имя Жениса Омирбековича будет жить в сердцах его последователей. Сотрудники кафедры теплофизики и технической физики чтут память о своем коллеге, его жизнь и беззаветное служение своему делу являются примером для подражания.

**С.А. БОЛЕГЕНОВА,**
*зам.декана по учебной и воспитательной работе;*
**А.М. МАКСУТХАНОВА,**
*старший преподаватель кафедры теплофизики и технической физики*

---

**ҚазҰУ ғалымдары көміртек материалдарды синтездеу тәсілі арқылы күн сәулесін бойына көп сіңіретін материал ойлап тапты**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# 2016 ГОД: ЯРКИЕ

Сегодня опыт КазНУ изучается и перенимается ВУЗами Казахстана и зарубежья.

**ФЕВРАЛЬ**

КазНУ возглавил рейтинг ТОП-20 лучших сайтов казахстанских университетов, составленный испанской исследовательской группой Cybermetrics Lab.



Состоялась официальная встреча ректора КазНУ с руководителем кластерного бюро ЮНЕСКО в Казахстане Андреем Шевелевым. В рамках программы UNI-TWIN в КазНУ открыта кафедра и Региональный Хаб ЮНЕСКО по устойчивому развитию.

Делегация КазНУ приняла участие в заседании Координационного комитета «Альянса Цивилизаций» ООН в Стамбуле. Организаторы Форума поддержали предложение нашего университета об объявлении 2020 года «Годом Аль-Фараби» под эгидой ЮНЕСКО и ТЮРКСОЙ.

**МАРТ**

Заместитель Генерального секретаря ООН Кристина Гаяк объявила о продлении статуса КазНУ как Глобального Хаба по устойчивому развитию Программы ООН «UNAI» еще на два года. Тем самым, КазНУ вновь доказал свое лидерство, что было подчеркнуто в ходе глобального онлайн диалога со штаб-квартирой ООН (Нью-Йорк).



На базе ЦОС «Керемет» открылся социальный магазин, предоставивший студентам полный набор потребительской продовольственной корзины по ценам ниже рыночных. Кроме того, здесь по сниженным ценам предоставляют свои услуги студенческое кафе, салон красоты, прачечная, книжный магазин, ателье и фотосалон.

КазНУ посетили представители Кембриджского университета, вузов Турции и Ирана. В рамках трехсторонних обсуждений принято решение о развитии Центра Центрально-Азиатских исследований по тюркологии в Кембриджском университете и Центра «Иран-Туран» в КазНУ.

**АПРЕЛЬ**

В апреле традиционно стартовали III Международные



фарабиевские чтения, в которых приняли участие ученые из США, Турции, Франции, Великобритании, Ирана, стран СНГ, а также представители международных организаций ООН, ТЮРКСОЙ, ЭСКАТО, ОБСЕ.

С участием Государственного секретаря Гульшары Абдыкаликовой состоялась конференция, посвященная 150-летию Алихана Букейханова.

В ходе визита Чрезвычайных и Полномочных послов Индонезии и Республики Вьетнам была достигнута договоренность о создании в КазНУ Регионального образовательно-научного центра АСЕАН.

КазНУ первым в Центральной Азии вошел в комитет Альянса университетов Шелкового пути, объединяющий более 120 университетов мира, ректор академик Галым Мутанов получил высокий статус Вице-президента этого альянса!

В рамках инициативы «Новый Шелковый путь» КазНУ выдвинул ряд новых проектов. Впервые в одном из ведущих университетов Поднебесной – Пекинском университете иностранных языков наряду с другими языками мира изучается казахский - 73-й по счету преподаваемый здесь язык. КазНУ осуществляет методическое сопровождение учебного процесса, а также направляет в помощь своих квалифицированных преподавателей.

Еще одно важное соглашение было достигнуто с Гонконгским политехническим университетом – PolyU о создании полноценного научно-образовательного инновационного Хаба – «Центр компетенций KazNU-PolyU» в городе Алматы с



привлечением ведущих университетов Гонконга.

Важным результатом сотрудничества КазНУ с китайскими партнерами является реализация совместного решения Председателя КНР Си Цзиньпина и Президента РК Нурсултана Назарбаева о создании IT-технопарка по модели Silicon Valley. На базе Центра суперкомпьютерных и облачных вычислений в КазНУ сегодня формируется международный IT-технопарк Альянса Университетов Нового Шелкового пути.



Памятным культурным мероприятием стало празднование Наурыз-мейрамы. В нем, наряду с профессорско-преподавательским составом и студенческой молодежью, приняли участие представители зарубежных дипломатических миссий и вузов из 50 стран мира.

Состоялась ежегодная Ярмарка вакансий, в которой приняли участие более 160 компаний и предприятий, в том числе, возглавляемых выпускниками КазНУ.

**МАЙ**

Крупнейшая в регионе Центральной и Южной Азии международная студенческая конференция «Модель ООН - Новый Шелковый Путь» собрала в КазНУ свыше 360 делегатов из 20 стран мира.

В библиотеке Аль-Фараби состоялся 8-й Медиаконгресс тюркоязычных стран с участием Высшего Совета телевидения и радио Турецкой Республики. По результатам конгресса достигнута договоренность о формировании на базе КазНУ Медиацентра тюркоязычных стран и единого информационно-

**К 90-летию Темирбека Кожакеева состоялась республиканская научно-практическая конференция**

# МГНОВЕНИЯ КАЗНУ

коммуникационного портала на тюркоязычном пространстве.

